

6D080800 – «Топырақтану және агрохимия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Алимбекова Балнур Ерболовнаның «Ашық-қара қоңыр топырақтың фосфат режимі және дара егістікте өсірілген қант қызылшасының өнімділігіне фосфор тыңайтқыштарын ұзақ мерзім қолданудың әсері» тақырыбына орындаған диссертациялық жұмысына «Топырақтану, агрохимия және экология» кафедрасы ұжымының

ПІКІРІ

Докторант Алимбекова Балнур Ерболовнаның «Ашық-қара қоңыр топырақтың фосфат режимі және дара егістікте өсірілген қант қызылшасының өнімділігіне фосфор тыңайтқыштарын ұзақ мерзім қолданудың әсері» тақырыбы бойынша ғылыми зерттеулері, республикамыздағы негізгі өзекті мәселелердің бірі қант қызылшасы дақылының өнімділігін арттыру мен өнім сапасын жақсартуда ұзақ әрі жүйелі түрде қолданылған фосфор тыңайтқыштарының тиімділіктерін зерттеуге бағыттталып, жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

Қазіргі кезде республикамызда қант қызылшасын өндірумен айналысатын Алматы, Жетісу және Жамбыл облыстарында қант қызылшасы дақылының егістік көлемі жыл сайын артып келеді. Аталған облыстарда қант қызылшасын өсіруге топырақ – климаттық жағдайлар ең қолайлы және жұмыс күші жеткілікті. Осы облыстардың енбеккерлері қант қызылшасы дақылының өнімділігін жоғарылатуға бар күш жігерін жұмсауда, бірақ түрлі агротехникалық, агрохимиялық және адами ресурстардың жетіспеушілігінен оның өнімділігін 250-300 ц/га аспайды. Егер, аталған ресурстарды, оның ішінде минералдық тыңайтқыштарды дер кезінде және қолайлы нормаларда қолданса, республика бойынша қант қызылшасының орташа өнімділігін 400-500 ц/га дейін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

«Ашық-қара қоңыр топырақтың фосфат режимі және дара егістікте өсірілген қант қызылшасының өнімділігіне фосфор тыңайтқыштарын ұзақ мерзім қолданудың әсері» тақырыбын зерттеу ғылыми және практикалық жағынан өте өзекті болып табылады. Республикамыздың экономикалық дамуы жағдайында аграрлық сектор және елдің азық-түлік қауіпсіздігі маңызды орын алады. Зерттеулер Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында қант қызылшасы кластерінің дамуын ғылыми негіздеуге және жасауға мүмкіндік туғызады және бұл жағдайлар тұтастай ауылшаруашылық өндірісін нығайтуға және дамытуға ықпал етеді.

Бұл диссертациялық жұмыс бойынша жүргізілген зерттеулер ҚР БЕМ №217 «Ғылымды дамыту бағдарламасының: №102 «Ғылыми зерттеулерді грантты қаржыландыру» және топырақтану ғылымы саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер мамандандырылған ғылыми бағыты бойынша 2018-2020 жылдары «Топырақтардағы фосфордың органикалық қосылыстарын зерттеу және қант қызылшасының дара егістігінде жүйелі түрде тыңайтқыш қолдану кезінде олардың фракцияларының трансформациялануы»

(мемлекеттік тіркеу нөмірі AP05133193, 29.03.2018 ж.) ғылыми бағдарламасының бір бөлігі болып саналады. Осы зерттеулердің нәтижесінде республикамыздың оңтүстік-шығыс аймақтары жағдайында қант қызылшасын өндірумен айналасатын шаруа қожалықтары мен фермерлері қант қызылшасын өсіруде тыңайтқыш қолдану жүйелері бойынша ұсыныстар әзірленді.

Докторант Алимбекова Б.Е. зерттеу жұмыстарын орындау кезінде тақырып бойынша ғылыми-зерттеу әдістерін жан-жақты меңгеріп, жеке жұмыс жоспарын уақтылы әрі тиянақты орындап, теориялық білімін тереңдете түсті. Алдына қойған мақсатына жету үшін барлық міндеттерді толықтай орындап шықты.

Далалық және зертханалық зерттеулер жұмыстарын Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті «Топырақтану және агрохимия» кафедрасының, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты және В.Докучаев атындағы топырақтану институтының (Мәскеу қаласы) ғалымдарымен бірлесе отырып, басынан аяғына дейін белсенді орындады.

Ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерінің мәліметтерін баспа беттерінде жарияланды. Диссертациялық жұмыс бойынша 7 ғылыми еңбектері жарық көрді, оның ішінде - ҚР БҒМ Білім және ғылым аясындағы бақылау Комитетімен ұсынған басылымдарда – 3 мақала, Scopus компаниясының мәліметтерінің базасына енетін журналдарда – 1 мақала, халықаралық конференцияларда – 3 мақала жарияланған.

Б.Е.Алимбекованың диссертациялық жұмысының мақсаты, тақырыптың мәтініне сай мәліметтермен тиянақталаған және баспадан шыққан ғылыми мақалаларға сәйкес келеді.

Дайындалған докторлық диссертациялық жұмыс қойылған талаптарға сай орындалды. Докторант Алимбекова Б.Е. өзінің ғылыми жетістіктерімен және зерттеулерді жүргізуді меңгеру деңгейімен 6D080800 – «Топырақтану, және агрохимия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймыз.

**«Топырақтану, агрохимия және экология» ұжымының атынан,
кафедра меңгерушісі, PhD**

 **Ж.Е.Сагидолдина**

